



**AMANZHOLOV
UNIVERSITY**

**ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**
**«Оқушылардың зерттеу дағдыларын
қалыптастыру және дамыту»**

Бағдарлама құрастырушылары:

П.ғ.д., профессор Завалко Н.А.

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Радченко Н.Н.

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Сахариева С.Г.

«Оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту» бағдарламасының мақсаты – 0-1 жыл еңбек өтілі бар педагогтерге зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастырудың әдіснамалық және әдістемелік негіздерімен таныстыруда қолдау көрсету, сондай-ақ бастауыш, негізгі және жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту.





Курстың міндеттері:

1. Әртүрлі жастағы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту теориясы мен әдістемесін меңгеру арқылы педагогтердің біліктілігін арттыру.
2. Біліктілігін арттыратын педагогтердің педагогикалық және пәндік зерттеулерді ұйымдастыру мен жоспарлау, ғылым жетістіктерін білім беру тәжірибесіне енгізу, әртүрлі жастағы оқушыларды зерттеу жұмысына тарту бойынша білімдері мен дағдыларын жетілдіру.
3. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін дұрыс рәсімдеу және ұсыну дағдыларын меңгерту.

Курстың негізгі мазмұны:

1-модуль: Ғылыми танымның негіздері

Тақырып 1. Ғылыми таным мен зерттеудің ерекшеліктері.

Тақырып 2. Ғылыми қызметтің құқықтық негіздері.

Тақырып 3. «Зерттеу», «зерттеу қызметі», «зерттеу мәдениеті» ұғымдарының мәні.

Тақырып 4. Зерттеу дағдыларының мәні мен мазмұны.

2-модуль: Оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері

Тақырып 1. Бастауыш мектеп оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері.

Тақырып 2. Жасөспірімдік кезеңдегі зерттеу дағдыларын дамыту ерекшеліктері.

Тақырып 3. Жоғары сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыту ерекшеліктері.

Тақырып 4. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыру.

Тақырып 5. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша мектепшілік жұмыс жүйесін ұйымдастыру.

3-модуль: Оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту әдістемелік аспектілері

Тақырып 1. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үдерісін басқару.

Тақырып 2. Оқушылармен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тақырып 3. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін жобалық әдісті қолдану.

Тақырып 4. Теориялық зерттеу әдістерінің сипаттамасы.

Тақырып 5. Практикалық зерттеу әдістерінің сипаттамасы.

Тақырып 6. Зерттеу жұмыстарының рәсімделуіне қойылатын талаптар.

Осы Бағдарлама бойынша біліктілікті арттырудан өткен педагогтардың қалыптастыруы тиіс құзыреттіліктері:

1.Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік: заманауи педагогикалық әдістерді, технологияларды және тәсілдерді тиімді қолдану арқылы ғылыми жетістіктерді білім беру үдерісіне енгізу, оқушыларды зерттеу қызметіне жас ерекшеліктерін ескере отырып тарту қабілеті.

2.Әдістемелік құзыреттілік: заманауи білім беру талаптарына және оқушылардың зерттеу қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын және оқу материалдарын әзірлеу және қолдану дағдылары.

3.Диагностикалық құзыреттілік: оқушылардың зерттеу қабілеттерін анықтау, нәтижелерді талдау және алынған деректер негізінде олардың дамуын түзету жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі.

4.Оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуды басқару құзыреттілігі: әртүрлі жастағы оқушылардың зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын ұйымдастыру, жоспарлау және бақылау қабілеті. Сонымен қатар, оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен, жоғары оқу орындарымен және басқа да мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру дағдысы.

5. Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі дамыту құзыреттілігі: зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту бойынша өз кәсіби қызметін өз бетінше бағалау, өзінің мықты және әлсіз жақтарын талдау, сондай-ақ осы бағыттағы болашақ кәсіби дамуды жоспарлау қабілеті.

6. Коммуникативтік құзыреттілік: оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен және мектеп әкімшілігімен тиімді қарым-қатынас жасау, түрлі коммуникация құралдары мен тәсілдерін пайдалану қабілеті.

7. Этикалық құзыреттілік: педагогикалық қызметте этикалық нормалар мен стандарттарды білу және сақтау, соның ішінде оқушылардың құқықтары мен қадір-қасиетіне құрметпен қарау.

8. Инновациялық құзыреттілік: білім беру сапасын арттыру мақсатында инновациялық әдістер мен технологияларды, соның ішінде цифрлық құралдарды, білім беру үдерісіне енгізу қабілеті.

9. Жеке тұлғалық құзыреттілік: зерттеу қызметін дамыту үшін қажет болатын тұлғалық қасиеттерді жетілдіру, соның ішінде ізденімпаздық, сыни ойлау, жауапкершілік, шығармашылық көзқарас, икемділік және бастамашылдық таныту қабілеті.



AMANZHOLOV
UNIVERSITY

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!! 😊👋